

Біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 15 қарашадағы N 9/4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 желтоқсанда N 4365 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 маусымдағы N 18/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 20.06.2013 N 18/4 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заңына, "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 365 Заңына және "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі N 394 Қаулысына сәйкес біржолғы материалдық көмек көрсету мақсатында Шиелі аудандық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Біржолғы материалдық көмек көрсетілсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен, қайтыс болған) адамның асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төленетін балалары мен асырауындағы басқа да жандарға, қайталап некеге отырмаған зайыбына (жұбай), екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 40 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға 40 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

